



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

3. Жетписбаева Б.А. Концепция государственного управления Юсуфа Баласагуни. / Мемлекеттік басқару және қызметті, Астана, 2012
4. Макиавелли Н. Государь. М., 2003.

ӘОЖ 304.2

ДІН МЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ КЕЛБЕТІ

Ибадуллаева Асель Абдуалиевна

assel_aska111@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті

Дінтану мамандығының 1-курс магистранты Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Д.Кенжетай

Жер шарын мекендеген әрбір ұлттың өзіне тән этникалық, болмыстық ерекшеліктерін айқындайтын мәдениеті, діні, ұлттық құндылықтары бар. Қазақстан қоғамындағы дін мен мәдениет – ата-бабамыздан қалған үлкен мұра, асыл қазына, баға жетпес байлық. Осы аманатқа қиянат жасамай, көздің қарашығындай сақтау, оларды келер ұрпаққа жетілдіріп жеткізу – бүгінгі ұрпақтың мойнындағы парыз.

Қазақстан қоғамындағы дін мен мәдениет мемлекет тарихының қатпар-қатпар кезеңінен өтіп, халықтың өзіндік болмысы мен өмір салтын қалыптастыра отырып өрбіді. Ғылыми атеизм идеологиясы қабылданып, рухани өмірдің мәні кетіп, әлеуметтік салалардың барлығы материалданған кезеңде мемлекет өзінің тілі, ділі, діні мен мәдениетінен қол үзді, діни және мәдени сана әлсіреді, құндылықтар көмескілене бастады.

Кеңестік кезеңдегі сөздіктерде дін сөзін - Құдайға құлшылық етіп, соқыр сенімге бас идіруші идеологиялық қондырманың бір түрі деп анықтады [1,240 б.]. Ірі саясаткер, әлеуметтік жұмысшы қозғалысының теоретигі мен практигі В.И. Ленин марксизм теориясын өзінше түсінді. Ол өзінің «Социализм және дін» мақаласында «Дін дегеніміз басқа біреуге жұмыс істеуге үйренген, жалғыздық пен кедейлікке өзін ұшыратқан барлық жердегі бұқара халықтың мойнына жүктелген рухани қысымның бір түрі. Кім күнделікті жұмыс істеп, ақша тапса, дін соны төзімділік пен сабырға шақырады. Ал басқа біреудің еңбегімен күн көріп жатқан адамдарды дін осы жердегі өмірде қайырымдылықпен айналысуға шақырады. Дін дегеніміз – капитал құлдары өзінің адами болмысын жоғалтатын, жақсы өмір сүруге деген ұмтылысын таптайтын рухани кеселдің бір түрі... Әрбір адам қандай да бір дінді ұстануға немесе ұстанбауға құқылы, яғни атеист болуы арқылы социалист ретінде көруі қажет...Мемлекеттің шіркеуден толықтай бөлінуі – пролетариаттың заманауи мемлекетке қоятын талабы» [2, 145 б.] деп дінді адам санасын улайтын құралға айқын түрде теңеген.

Лениннің саясатын жалғастырған Сталин де дінге қарсы болып, атеизмнің рөлін нығайтуға тырысты. «Біз діни ұстанымдарға, дінге қарсы алдын алу жұмыстарын жүргізіп келеміз және жүргіземіз. Біз мемлекетімізді діннен бөле отырып, әрбір азаматқа қандай да бір дінге қарсы күресуге, оны алдын алуға еркіндік бердік. Партия дінге қатысты нейтралды саясатты ұстай алмайды, сондықтан ол дінге қарсы түсіндіру шараларын жүргізеді. Себебі әрбір дін ғылымға қарсы болып табылады, ал біздің мемлекетімізде ғылыми танымды дамыту қажет. Дарвинисттерді Америкада соттаған жағдайлар секілді оқиғалар біздің қоғамымызда орын алмайды, өйткені біз ғылымның қандай түрін болсада қолдауға дайынбыз»[3,121 б.], - деп Сталин өзінің діни санаға қатысты ойларын білдірді.

Көріп отырғанымыздай, Ленин де, Сталин де діннің қоғамды артта тартатын күш екендігін, қарапайым халықтың басын айналдыратын апиын екендігін ашық айтқан. Соған байланысты, Кеңес одағында материалды өмірді дамытуға, атап айтқанда тек ғылымның жетістіктерін ғана мойындайтын ұрпақ өсіруге талпынды. Діннің, мәдениеттің мәртебесі төмен түскен қоғамда барлық адамгершілік, рухани, моралдық нормалар мәртебесі

тапталады, ұлттың ерекшелігін анықтайтын ұлттық құндылықтар жойылып, адамдар жоқ жалпы мемлекет механикаға, материяға айналады.

Бірақ қоғамның барлық саласын материалдандыруға бағытталған идеологиялық қондырманың дін мен мәдениет құбылыстарын толықтай жоюға күші жетпеді. «Қалпыңнан айырылсаң да, салтыңнан (дәстүріңнен) айырылма» деп өсиет еткен халық мемлекеттің аксиологиялық ерекшелігін, дін мен мәдениет сабақтастығын барынша сақтауға тырысты.

Әр нәрсенің қайыры бар дегендей, тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында идеологиялық бос кеңістіктің орын алуы Қазақстанның ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүріне, соның ішінде діни, мәдени құндылықтарға қайта оралуына түрткі болды. Қазақстан Республикасы өзінің стратегиялық даму жолын анықтап, демократиялық, әлеуметтік, құқықтық, зайырлы мемлекетке айналды. Елбасының бастамасымен мемлекеттің мәдени мұрасы жаңғыртылып, көптеген игі жобалар іске асырылды, ұлттық құндылықтардың мәртебесі асқақтады.

Қазақстанның зайырлы мемлекет ретінде орнығуы әр түрлі діндердің қайта өркендеуіне мүмкіндік жасап, көпконфессиялы мемлекеттегі діни төзімділік пен келісімді нығайтуға, діни сенім бостандығы мен заң алдындағы азаматтардың тең құқылы болуына кепілдік берді. Зайырлы Қазақстанда конфессияаралық ынтымақтастық пен этносаралық бірегейліктің, сенім және ар-ождан бостандығының үйлесімділігін сақтау басты құндылық ретінде белгіленді.

Елімізде түрлі этнос пен конфессия өкілдерінің тату-тәтті өмір сүруі, діни және мәдени бірегейліктің өз қалпына қайта келуі Елбасымыздың жүргізіп отырған сындарлы-саликалы саясатының нәтижесі деп тұжырымдауға толық негіз бар. Конфессияаралық және этносаралық келісім мен диалогты қамтамасыз етіп, тек еліміздің емес, әлемнің үндестігіне үлес қосу мақсатымен Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі атты екі негізгі институт құрды.

Айтулы екі үлкен бастама да Қазақстан жерін мекен еткен әр түрлі дін және ұлт өкілдерінің рухани тұрғыда қайта жаңғыруы мен дамуын қамтамасыз етіп, өркениеттік, демократиялық ұстанымдарға, мемлекеттік ұлттық саясатта олардың мүддесіне деген құрмет пен мәдениетті қалыптастыруды басты мақсат етеді. Сонымен қатар әр түрлі діни бірлестіктер арасындағы достастықты дамытып, әлемдік деңгейдегі діни ахуалды талдау мен этносаралық және дінаралық жанжалдарды алдын алуды көздейді.

Рухани құндылықтарды қайта жаңғырту үрдісі «діни-мәдени ренессанстың» тууына септігін тигізіп, бүгінгі таңда мемлекет азаматтарының рухани түлеуіне жол ашты. Қазақстан Республикасындағы дәстүрлі конфессиялармен қатар әр түрлі діни ағымдар да осы өлара кезеңді пайдаланып, жанталаса әрекеттенді. Әлбетте, теріс пиғылды діни ағымдардың негізгі мақсаты қазақстандықтардың дәстүрлі діни танымын өзгертіп, мәдениетінен алыстату екені түсінікті.

Бүгінгі қоғамда туындап жатқан теологиялық, әлеуметтік, рухани мәселелер дін мен мәдениет феномендерін дұрыс түсінбеуден, әр түрлі үдерістерге біржақты баға беруден, толыққанды тәрбиенің берілмеуінен пайда болды. Атап айтқанда, заңды түрде тіркелмеген теріс пиғылды ағымдардың көбеюі мемлекет азаматтарының тура жолдан адасып, радикалды идеяның тасымалдаушысына айналу ықтималдығын жоғарылатты.

Азаматтық қоғам үшін дәстүрлі емес діни ағымдардың ішіндегі ең қауіптісі – салафизм. Ресми деректер бүгінгі таңда Қазақстанда салафизм идеологиясын ұстанатын 17 мың адам бар екенін растайды. Қазақ мәдениетіне жат, фундаментализмге негізделген көзқарасты ұстанатын салафизм ағымының мүшелері Қазақстан үшін дәстүрлі ханафи мәзһабынан, салт-дәстүр мен ұлттық құндылықтардан үзілді-кесілді бас тартады.

Жастардың арасында суицид көріністерінің жиілеуі, тастанды балалардың көбеюі, ата-әжелердің қарттар үйін жайлауы, ажырасу деңгейінің жоғарылауы секілді әлеуметтік мәселелер бүгінгі күн тәртібіндегі өте өзекті құбылыстардың қатарына жатады. Мәселен, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, Қазақстан Республикасы суицид саны жөнінен Орталық Азияда бірінші, ал әлем бойынша үшінші орынды иемденеді екен. «Economist» баспасының ақпараты жұптардың ажырасуы бойынша еліміздің алғашқы

он мемлекеттің қатарында екенін көрсетеді. Демек, Қазақстанда әрбір үшінші отбасы өзінің шаңырағын шайқалтып, толық емес жанұяның санын арттырып жатқанын байқатады.

Мұндай салдарлы мәселелердің Қазақстан қоғамында орын алуының басты себебі – ұлттық құндылықтардың, салт-дәстүрдің, тіл мен ділдің, мәдениет пен дін сабақтастығының жоғалуы, азаматтардың ұлттық рухының әлсіреуі, отбасы институтының құнсыздануы.

Әйгілі философ Гердер салт-дәстүр жүйесінің мемлекет дамуындағы рөліне ерекше баға беріп: «Салт-дәстүр – тіл мен мәдениет бастауларының анасы»[4,58 б.] деп тұжырымдаған. Мемлекеттік тіл, өзіндік діл, тарихи дәстүр мәртебесін өз мәртебесінен биік қойған еліміздің әрбір азаматы бүгінгі күнгі әлеуметтік, рухани келеңсіздіктерге төтеп бере алатындығы сөзсіз. Шағын мемлекет, алтын ұя отбасыдан алынған дұрыс тәрбие мен ізгі қасиеттер жүйесі баланың дүниетанымын дұрыс бағытта қалыптастырып, болашақта қоғамға пайдасы зор азамат болып жетілуіне негіз болады.

Халқымыздың бойында ғасырлар бойы жинақталған ізгі қасиеттердің айнасы іспеттес болған діни таным мен мәдениет – бірін-бірі толықтырып тұратын бір бүтіннің екі жартысы. Мәдениет – халықтың болмысы, өмір салты болса, діни таным – халықтың ойлау жүйесін құрайды.

Рухани құндылықтарына, мәдени мұрасына ерекше мән берген елдің іргесі берік, келешегі кемел. Біз – үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсететін, әкесі тұрып ұлы сөйлегеннен безетін, қызына қырық үйден тыйым салатын, ата-ененің қалауын қабағынан сезетін, ата-анасын құрметтейтін, қолдағыны бөліп беріп, көрші мен қонақтың көңілін табатын, тағы да басқа көптеген асыл қасиеттерді бойына сіңірген бірегей халықпыз.

Терең діни таным қалыптастыру, дін мен дәстүр тұтастығын көздің қарашығындай сақтау, ұрпақтан ұрпаққа мұра болған асыл қасиеттерімізге сызат түсірмеу – бүгінгі күннің талабы. Діни таным отбасы институтынан бастап қалыптасып, ақыл арқылы діни білім негізінде дамып, тұрақталады. Ал ата-бабаларымыздан аманат болып келе жатқан ұлттық құндылықтарды ұлықтау – халқымыздың мәдениетін сақтаудың кепілі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі, 3 том, Ғ-Ж. Алматы, Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1978. – 735-б.
2. Маркс К. и Энгельс Ф. Сочинения, т. XV, М., 1935. – 228 с.
3. Сталин И.В. Сочинения. Т.12, М.: Госполитиздат, 1949. – 397 с.
4. Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества. – М., 1977. – 252 с.

УДК 141.3

ОБРАЗ «МАЛЕНЬКОГО ЧЕЛОВЕКА» В ЕВРОПЕЙСКОЙ ФИЛОСОФИИ НОВОГО ВРЕМЕНИ И ПРОСВЕЩЕНИЯ

Картай Азамат Арманович

azabek2@gmail.com

Студент 1 курса, специальность Юриспруденция, Университет «КАЗГЮУ»,
Астана, Казахстан

Научный руководитель – Умирзакова Л.А.

В 20-30 годы XIX века в русской литературе начал формироваться образ «маленького человека». Впервые этот образ появился в произведениях А. С. Пушкина («Медный Всадник», «Станционный смотритель»), а окончательно сформировался после произведения Н. В. Гоголя «Шинель». «Маленький человек» – это тип литературных героев, объединённых общими признаками: низкое положение в социальной иерархии, бедность, незащищённость, которые, в свою очередь, обусловили особенности сюжетной роли их психологии – жертвы социальной несправедливости и бездушного государственного механизма, часто